

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті



«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің президенті

*А. Абдрасилов*  
«09» 10 2020 ж.

**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
2019-2020 ЖЫЛЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР  
ЕСЕБІ**

Ғылыми дәрежелі білікті мамандар саны артты

Қазіргі уақытта университетте ғылым аямағын қызығушы профессорлар саны жағы саны 1064, оның ішінде 78-ы ғалым докторы, 307-ы ғалым кандидаты, 104-ы доктор, ғалым етсе, олардың 51-і профессор, 146-ы доцент. Қазіргі уақытта Ғылым аямағын докторанттары саны 2018 жылы 40-тен, 2019 жылы 404, 2019-ж. 2020-ж. 499 болды, оның ішінде 137% өтті.

**БІЛІМГЕРЛЕР САНЫ АРТТЫ** 10317 студентті артты. Оның ішінде 19 еліне және 70 ұлт пен мәдениетіне 1405 жастық студенттер оқиды. 30 бағдарламаны бойынша 1000 студентті бағдарламаны бойынша 375, ISCED бағдарламаны бойынша 51 бағдарламаны, 20 бағдарламаны бойынша 261 студентті, FOUNDATION бағдарламаны 600 студентті оқыды.

**БІЛІМ АМАҒЫН ДАМУ ЖӘНЕ ІАРТУ**

Бұл мақсатпен Халықаралық докторлар жәрмеңесі, Өнер-Сұлулық, Ақпарат, Шығармашылық, Ақпарат, Тарих, қаламгерлер 30-дан астам ғалымдар мен мамандар тартылып, 20-ға Ғылым аямағын жетекші университеттерін бітіріп жұмыс жасауда. Шетелден Түркия, Сербиядан университеттерден 29 оқытушылармен келді және жасауда. Түркияның Геле, Жергілікті, Бразилия секілді жетекші университеттерінен 24 докторант түркі оқытушы бағдарламасына қабылданды.

Ақпараттық жобаларына бойынша 11 елінен, Калыптандыру, Германия, Франция, Түркия, Украина секілді мамандар 11 ғалым, 26 ғалым 1000 оқытушы 2 ақпараттық жобаларды оқыды.

Білім беру бағдарламаларының сапалық және сандық жағын арттыру

Білім берудің барлық деңгейлері бойынша 50 жас биілім беру бағдарламасын телефонмен және білім беру бағдарламалары жасалды. Жұмыс берушілер мен мамандар орталық орталық, құрушылар, Қытай трансформатор заводы, Ақпараттық құрылымға хабарлау, барлық 172 білім беру бағдарламалары бойынша ұйымның жақсарту. Жұмыс берушілер ішкіліктер, мамандар түркі оқытушы құрушылар, КТЗ, Алматыда 100-ші бағдарламаны оқыды барлық 172 білім беру бағдарламасы бойынша ұйымның жақсарту.

Түркістан 2020

## Ахмет Ясауи университетінің 2019-2020 оқу жылы бойынша атқарылған іс-шаралар ЕСЕБІ

### 2019-2020 оқу жылында атқарылған жұмыстар мен қол жеткізген жетістіктер

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-ға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 15 қаңтар 2020 ж. күнгі №241 Жарлығымен «Ерекше мәртебе» берілді

#### ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

- Академиялық дербестік ауқымы кеңейтілді;
- ОПК мен ғылыми қызметкерлерді жұмысқа қыбалдау қағидаларын әзірлеу және бекітуге;
- диссертциялық кеңестер құру және философия докторы (PhD) дәрежелерін тағайындауға;
- мемлекеттікүлгіменестірілгенөзіндікүлгідегидипломдарберуге;
- ОПК жәнебасшықызметкерлерініңбекақысын - 1.75 коэффициенткеарттыруғамүмкіндікалды.
- Ағымдағыжылдыңақпанайынанбастапбарлықбасқақызметкерлердіңбекақасын (қосалқықызметкерлер, лаборант, шаруашылыққызметкерлерітб. ) -1.3 коэффициенткеарттырылды.

#### Ғылыми дәрежелі білікті мамандар саны артты

Қазіргі уақытта университетте қызмет атқаратын оқытушы-профессорлар құрамы жалпы саны 1064, оның ішінде 78 ғылым докторы, 307 ғылым кандидаты, 106 PhD доктор қызмет етсе, олардың 51 профессор, 146 доцент қызметін атқарады. Ғылыми дәрежелі оқытушылар саны 2018 жылы 403 болса, 2019 жылы 464, 2020 жылы 91 болып, екі жылда 18% өсті.

БІЛІМГЕРЛЕР САНЫ АРТТЫ 10317 студентке артты. Оның ішінде 19 елден және 40 ұлт пен қауымдастықтан 1405 шетелдік студенттер оқиды. 80 бакалавриат бойынша 8998 студент, 65 магистратура бойынша 375, 15 PhD докторантура бойынша 83 докторант, 15 резидентура бойынша 261 резидент, FOUNDATION бойынша 600 студент оқиды.

#### БІЛІКТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТАРТУ (2020)

Бос орындарға Халықаралық конкурс жарияланды (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Тараз қалаларынан 30 дан аса ғалымдар мен мамандар тартылды. 28 PhD Түркияның жетекші университеттерін бітіріп жұмыс жасауда. Шетелден Түркия, Өзбекстан университеттерінен 28 оқытушы ғалым келіп жұмыс жасауда. Түркияның Гази, Ходжатепе, Ерджиес секілді жетекші университеттерінде 24 докторант түрлі салалар бойынша білім алуда.

Академиялық мобильділік бойынша 11 ғалым Ұлыбритания, Германия, Малайзия, Түркия, Украина секілді мемлекеттер 11 ғалым, 26 ғылым Тика есебіне 2 апталық семинар дәрістер өтті.

#### Білім беру бағдарламаларын сандық және сапалық жақсарту

Білім берудің барлық деңгейлері бойынша 56 жаңа білім беру бағдарламалары, 6 инновациялық білім беру бағдарламалары жасалды. Жұмыс берушілер (мектептер, мемлекеттік органдар, ауруханалар, Кентау трансформатор заводы, Атамекен, т.б.) сұранысына сәйкес барлық 172 білім беру бағдарламалары бойынша редизайн жасалды. Жұмыс берушілер (мектептер, мемлекеттік органдар, ауруханалар, КТЗ, Атамекен, т.б.) сұранысына сәйкес барлық 172 білім беру бағдарламалары бойынша редизайн жасалды.

Білім деңгейі	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	Аккредиттелген білім беру бағдарламаларының саны	
				2019-2020 оқу жылы	2021ж. Жоспарда
Бакалавриат	54	73	80	51	29
Магистратура	30	54	62	30	32
ДокторантураPhD	11	15	15	10	5
Резидентура	5	9	15	5	10
<b>Жалпы</b>	<b>100</b>	<b>151</b>	<b>172</b>	<b>96</b>	<b>76</b>

#### Оқуға түскендер және білім алушылар саны

Оқу жылы	2017-18	2018-19	2019-20	2020-21
Контингент	7947	9107	10113	10317
Жоғары білімнен кейінгі білім алушылар үлесі	4.6%	4.5%	5.2%	7,0%

#### 2020 жылы университетке студент қабылдауда сапаға баса мән берілді

Оқу түрі	2019	2020
Мемлекеттік білім гранты саны артты	478	703 (+225)
Алтын белгі саны артты	204	309 (+105)
Ақылы негізде оқытындар саны азайтылды	2258	1863 (-395)
Жоғары білімнен кейінгі білімге түсушілер саны артты	289	371(+82)

#### Қашықтықтан білім беру бойынша атқарылған іс-шаралар

2019-2020 оқу жылы бойынша 2020 жылдың 16 наурызынан бастап оқу процесі “ҚазТҒП” тәжірибесі негізінде қашықтықтан оқыту форматына өткізілді. dot.ayu.edu.kz жүйесіне базасында 830 пән тіркелді, студенттердің цифрлық құралдары мен интернет мүмкіндігіне талдау жүргізіліп, тиісті шешімдер қабылданды. 734 ОПҚ қашықтықтан білім

беру технологиялары бойынша курстан өтті, цифрлық еріктілер мен цифрлық кеңес беру орталықтары жасақталды. Сонымен бірге емтихандар алғаш рет онлайн форматта жүргізілді. Университет ректоры мен факультет декандары ОПҚ және студенттермен айына екі рет онлайн түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

2020-2021 оқу жылы дайындық бойынша 2020-2021 оқу жылы үшін қашықтықтан білімі беруді жетілдірудің “Жол картасы” бекітілді. Тамыз айында университет бойынша жалпы саны 1917 пән курсы жасалды. Университеттің Академиялық саясатына қашықтан білім беру технологияларына қатысты тиісті өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар, қашықтан білім беру технологияларына қатысты студенттер мен ОПҚ-ға арналған 12 электронды, 9 бейне нұсқаулықтар жасалды. Университеттің барлық цифрлық ресурстары ОПҚ және білімгерлерге қолжетімді жағдайға жеткізілді. Оқу-әдістемелік кешеннің жаңа құрылымы бекітілді – ерекшелігі проактивті силлабустар дайындалды.

### Қашықтықтан білім беру базасында контенттердің толтырылуы

Факультет атауы	Факультет бойынша пән саны	
	2019-2020 dot.ayu.edu.kz	2020-2021 tng.ayu.edu.kz
Әлеуметтік ғылымдар	84	110
Гуманитарлық ғылымдар	124	101
Жаратылыстану	129	154
Инженерия	56	89
Медицина	58	71
Стоматология	36	29
Спорт және өнер	115	183
Филология	95	122
ЖОО дейінгі дайындық	13	4
ЖМБКББФ	67	89
МБжЭЖМ	53	87
<b>Барлығы</b>	<b>830</b>	<b>1039</b>

### Әлемдік және отандық рейтингтерде

Университетіміз Quacquarelli Symonds (QS) ЕЕСА «Дамушы Еуропа және Орта Азия» рейтингінде 350 университеттен арасынан 213-ші орын алса, вебметрикс бойынша 100 университеттен ішінен 18-ші орын, Еуропа Ғылыми-Өндірістік Палатасының (ARES-2019) ЖОО рейтингінде 94 ЖОО арасынан (А+) 11 орын алды. Ұлттық рейтингте «Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің» (НААР, Нұр-Сұлтан) жоғары оқу орындарының рейтингінде 87 ЖОО арасынан 9 орын, НААР агенттігі ұйымдастырған ТМД мемлекеттері арасында Евразия университеттері рейтингісінен 7-ші орынды иеленді.

### Бітірушілердің жұмысқа орналасуы

Білім беру бағдарламасы	2017ж. (01.06.18 ж. мәліметі)			2018ж. (01.06.19 ж. мәліметі)			2019ж. (01.06.2020 ж. мәліметі)		
	Түлектер саны	Жұмысқа орналасқандар және оқуын жалғастырғандар		Түлектер саны	Жұмысқа орналасқандар және оқуын жалғастырғандар		Түлектер саны	Жұмысқа орналасқандар және оқуын жалғастырғандар	
		саны	%		саны	%		саны	%
Бакалавриат	564	369	65,4%	574	403	70,2%	716	447	85%
Интернатура	522	398	76,2%	481	393	81,7%	459	332	92,2%
Магистратура	87	67	77%	145	121	83,4%	217	190	89,6%
Резидентура	11	10	90,9%	24	18	75%	48	39	81,3%
Докторантура	27	26	96,3%	35	25	71,4%	20	19	95%
<b>Жалпы:</b>	<b>1211</b>	<b>870</b>	<b>71,8%</b>	<b>1259</b>	<b>960</b>	<b>76,3%</b>	<b>1460</b>	<b>1027</b>	<b>88,1%</b>

### Оқытушы-профессорлар қызметін бағалау

Университетіміздің шешім шығарушы ең жоғарға органы Өкілетті Кеңестің 21.02.2020ж. №62 мәжілісінде «Университеттің ОПК және қызметкерлерін аттестаттау туралы» регламент бекітілді. Сонымен бірге, ОПК жұмысының тиімділігін бағалаудың жаңа жүйесі енгізілді. Бұл жүйе бойынша бекітілген үлгідегі индикативті жоспарға сәйкес ішкі кәсіби рейтинг (КРІ) нәтижесі, “Студенттер көзімен оқытушы” сауалнамасы, нормативтік құқықтық актілер бойынша тест, әңгімелесу түрінде бағалау жүргізіледі. Профессор-оқытушы құрамының құзіреттілігі мен жетістіктерін кешенді түрде бағалайтын сараптау комиссия құрылады. Комиссия оқу жылы бойынша бағалау жүргізеді және қорытындысы бойынша төмендегідей шешімдер шығарады:

- Атқарып жүрген қызметіне сай келеді және қызметін жоғарылатуға лайықты;
- Атқарып жүрген қызметіне сай келеді;
- Қайта аттестаттауға жатады;
- Қайта аттестаттау бойынша шешім;
- Аттестатталды;
- Атқарып жүрген қызметіне сай келмейді және аттестатталмады.

### Академиялық адалдық, әділдік және транспаренттілік қағидаттарын енгізу

Антикоррупциялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында “Антикоррупциялық мәдениет негіздері” пәні университеттің барлық мамандықтарының оқу жоспарына міндетті компонент ретінде енгізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті, Прокуратура және облыстық сотпен бірге Антикоррупциялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында ОПК мен қызметкерлерге 1 апталық семинар өткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментімен бірге І Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы форум ұйымдастырылды. Академиялық адалдық кодексі бекітілді және ОПК мен қызметкерлердің еңбек-келісім шартына қосылды.

Академиялық адалдықты арттыру үшін технологияларды қолдану – ғылым және оқу процессін басқарудың цифрлық жүйесіне көшу жүргізілуде. Барлық жазба жұмыстарын тексеру үшін antiplagiat.ru жүйесі енгізілді. TURNITIN бойынша жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлық қаупін азайту мақсатында емтихан түрлері өзгертіліп, емтихан жұмыстары толықтай құпияландырылды. Түркістан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментімен бірлесе отырып «Адал сессия» жобасының аясында қысқы емтихан сессиясы өткізілді. Университетте Академиялық адалдық Лигасымен сыбайлас жемқорлық тәуекеліне сыртқы аудит өткізу жоспарлануда.

### **Ғылым саласындағы атқарылған жұмыстар**

Университетімізде World Bank қолдауымен 150 ғалымды ағылшын тіліне оқытуға мүмкіндік беретін ҚР БҒМ гранты бар. Жоба аясында ғалымдарымыз 12 ай ішінде IELTS6 деңгейін меңгеретін болады. Бірақ бұл жоба БҒМ-дан басқа министрлікке ауысуына байланысты уақытша тоқтап тұр. Бұдан бөлек ҚР БҒМ «Ғылым қоры» АҚ коммерцияландыру бойынша 4 жоба, ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті ғылыми гранты бойынша – 11 жоба, шаруашылық келісім-шарттық – 8 жоба іске асырылуда.

2019 жылы Жас ғалымдар ғылыми конкурсы бойынша қаржысы: 74 млн. тг. 2 жоба оң шешім алды. 2020 жылдың мамыр-қыркүйек айларында Ғылым комитеті конкурстарына жалпы саны 71 жоба жіберілді. Бұл жобалардан қазіргі таңда қаржысы: 70 млн. теңгені құрайтын 4 ғылыми жоба ұтып алынды. Қалған жобалар оң шешімін күтуде.

Жыл сайынғы ғылыми стипендия конкурсына 30 үміткер жолданды. Сонымен қатар, 4 мамандық бойынша 3 диссертациялық кеңес жұмыс жасауда, ал, 2 мамандық бойынша (экономика, маркетинг) кеңес ашуға ұсыныс дайындалуда.

### **Ғылыми басылымдардың сапасын жақсарту**

Университеттің 4 ғылыми журналына: жасырын рецензиялау (double blind review) саясаты жүйелі түрде енгізілді, DOI нөмірі алынып, CrossRef библиографиялық сілтеменің халықаралық жүйесіне тіркелді. «Ясауи университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы ҚР БҒМ Комитетінің тізіміне 4 ғылыми бағыт бойынша енгізілді:

- Филология;
- Философия;
- Тарих;
- Педагогика.

Университеттің Анкарада жарияланатын және Scopus базасына кіретін жалғыз гуманитарлық бағыттағы «Bilig» ғылыми журналы ҚР БҒМ Комитетінің тізіміне келесі ғылыми бағыттар бойынша енгізілді:

- гуманитарлық ғылымдар;
- әлеуметтік ғылымдар;
- тарих;
- филология;
- саясаттану;
- философия;
- экономика;
- құқықтану.

Сонымен қатар университеттің «Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Хабарлары» ғылыми журналын (физика, математика, информатика) ҚР БҒМ Комитетінің тізіміне және «Туркология» ғылыми журналын Scopus халықаралық деректер қорына енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

## Scopus базасында соңғы 5 жылда жарияланған мақалалар саны бойынша рейтинг

№	Университеттер	Мақала саны	Сілтеме саны	Авторлар саны
1	Al Farabi Kazakh National University	4,127	9,884	3,274
2	Nazarbayev University	3,563	17,653	1,719
3	L.N. Gumilyov Eurasian National University	2,212	7,216	1,948
4	Satbayev University	1,633	5,140	1,553
5	Kazakh National Agrarian University	676	977	972
6	Abay Kazakh National Pedagogical University	618	979	680
7	South Kazakhstan State University (SKSU)	565	629	948
8	Buketov Karaganda State University	538	978	629
9	<b>Khoja Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University</b>	<b>503</b>	<b>823</b>	<b>558</b>
10	Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical University	490	707	613
11	Karaganda State Technical University	470	504	482
12	Kazakh-British Technical University	389	832	247
13	Institute of Nuclear Physics, National Nuclear Center of the Republic of Kazakhstan	377	1,422	184
14	Kazakh National Medical University	360	11,193	482

### Университет оқытушы-профессорлар құрамының жетістіктері

«Scopus Award 2019» жалпыұлттық сыйлықтарын табыстау шарасы аясында ХҚТУ «ЖЫЛ СЕРПІЛІСІ» сыйлығына ие болды. Университетіміз QS EESA 2019 бойынша Қазақстандық университеттер арасында 6 индикатордан: интернационализация бойынша-1 орынды, ғылыми зерттеу «network» бойынша 3 орынды иеленді. Сонымен бірге 6 ОПҚ «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантын, 4 ғалымымыз «Мемлекеттік ғылыми стипендия» иегері атанды. Университет ғалымдарының мақалаларына сілтеме жасау индексі - 1.8, h-индексі бар ғалымдар саны - 343 болды. Бұл көрсеткіш 2019 жылмен (170) салыстырғанда 2 есеге артты.

h-индекс	Ғалымдар саны		
	2018	2019	2020



4 және одан жоғары	3	6	7
3	10	11	13
2	15	30	53
1	58	123	270
<b>Жалпы</b>	<b>86</b>	<b>170</b>	<b>343</b>

### Пандемия мерзімінде атқарылған жұмыстар

- Елімізде төтенше жағдай жарияланған күннен бері Клиникасының 198 дәрігері мен қызметкері демалыссыз жұмыс жасады;
- Университетіміздің Медицина факультетінің 92 интерн және дәрігер-резиденттері волонтер ретінде ауруханаларда жұмыс жасады;
- Университет клиникасында провизорлық орталық жұмыс жасады. Жалпы саны 200 жуық науқас емделді;
- Мобильді емдеу бригадасы жұмыс жасады;
- Университет тарапынан 200 науқасты емдеуге қажетті дәрі-дәрмек пакеті алынды;
- 300 университет қызметкеріне шипажайларға жолдама берілді;
- Мақтарал ауданында су тасқынынан зардап шеккендерге гуманитарлық көмек көрсетілді.

Сонымен бірге, 2020 жылдың 24 ақпан күні Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған салтанатты шараның ашылуы өтті. 2020 жылдың 09 мамырында Жеңістің 75 жылдығына арналған ерекше форматтағы акция тікелей эфирде өтті. «Мәңгілік данқ» атты акция онлайн режимінде оқу ордамыздың әлеуметтік желілердегі парақшалары мен [Yassawi TV Youtube](#) каналынан жарияланды.

### Ауқымды іс-шаралар

- 2019 жыл 29 қазан күні Түркияның Республика күні атап өтілді;
- 2019 жыл 7 қараша күні «Менің Туым-Менің Отаным!» патриоттық акциясы аясында мемлекеттік туды ілу рәсімі өткізілді;
- 2019 жылдың 18 қараша күні Университетіміздің жастары Халықаралық студенттер күнін атап өтті;
- 2019 жылдың 29 қараша күні ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған «Елін сүйген, елі сүйген – Елбасы» атты мерекелік іс-шарасы өтті;
- 2019 жылдың 13 желтоқсан күні ҚР Тәуелсіздігінің 28 жылдығына арналған жиын өтті;
- 2020 жылдың 1 наурыз күні «1-Наурыз Алғыс айту күніне» арналған мерекелік жиын өтті;
- 2020 жылдың 04 маусым күні ҚР мемлекеттік рәміздер мерекесі және Ата Заңымыздың 25 жылдығына орай онлайн-конференция өтті.

### Спорттағы жетістіктер

Университетіміздің білімгерлері Нұр-Сұлтан қаласында өткен, әлем чемпионатында қазақ күресінен Нұрым Сәлімгереев 1-ші орын алса, белбеу күресінен Сламбекова Нәбира 2-ші орын, Жұмахан Жұлдыз 3-ші орын алды.

Ерлер арасында 65 салмақ дәрежесінде үш дүркін Азия чемпионатының жеңімпазы Ниязбеков 2020 жылы Токиода өтуі керек болған олимпиада ойындарына Ниязбеков Дәулет еркін күрестен жолдама алса, бокстан Бек Нурмағанбет Тайланд елінің астанасы Бангкок қаласында өткен турнирде 1-ші орын алды. Самбо күресінен университетіміздің студенттері



Оразбай Арайлым, Нәбиева Бибіхан, Айдынбай Қайырберді, Жылқыбай Айжан Үндістанның Нью-Дели қаласында өткен Азия чемпионатында жүлдегерлер қатарынан көрінді.

## **Материалды-техникалық базаның дамуы**

Университет студенттері орналасқан жатақханалар үшін 1115 дана матрац, 660 дана кровать, 780 дана киім және аяқ киім шкафтары, 20 дана кір жуатын машина, 30 дана электроплита алынды. Сонымен бірге, оқу процесіне арналған 650 дана компьютер, 100 дана проектор, 50 дана проектор тақтасы, 200 маркерлік тақта (толық жабдықталды), 2500 орындық, 200 принтер 20 интерактивті панел алынды. Құны 50 млн. теңгені құрайтын 13000 дана заманауи жаңа оқулықтармен толықтырылды. Скавиалғылыми-аналитикалық платформасын қолдану үшін 600 қолданушы тіркелу жасалды. Университеттің әлемдік рейтингтерде танымалдығын арттыру үшін, QS хаб-та университеттің кеңейтілген профилі сатып алынды.

Оқу ғимараттарында орналасқан оқу зертханалары үшін 2 дана инновациялық анатомиялық аппараттық-бағдарламалық кешен (105 млн. теңге), 4 дана пианино 2 млн. тг. алынды. Сонымен бірге, оқу-тәжірибелік зертханалар медико-биологиялық және IT бағыттары бойынша 100 млн. теңгеге жабдықталды. Микробиология, гистология, биохимия, жалпы және органикалық химия, молекулалық биология және генетика бойынша лабораториялық жабдықтар 28 млн. теңгеге алынды. Стоматология факультетінің студенттеріне арналған 13.2 млн. теңгеге стоматологиялық симулятор сатып алынды. 27 млн. теңгеге биотехнологиялық лаборатория жасақталды.

## **Инфрақұрылым (ірі жобалар)**

Университеттің орталық кампусын газдандыру жұмысы толық аяқталды. 2019 жылдың 10 қаңтарынан бастап кампустың барлық ғимараттардың жылыту жүйесі табиғи газға қосылды. Бұл университеттің коммуналды қызмет шығындарын 6 есе азайтуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, ҚР БҒМ моделі негізінде 1500 орындық 3 жатақхана құрылысы бойынша келісім жасалды. Құрылыс жүргізуші инвесторлар анықталып, құрылыс басталуда. Университетіміздің барлық оқу ғимараттары мен студенттер жатақханалары, Мағжан қалашығы, Яссы ғалымдар үйі, Мәдениет орталығының кіші залы мен үлкен залдары жалпы құны 100 млн. теңге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

## **Стратегияны жүзеге асыру**

Ахмет Ясауи университетінің негізгі басым бағыты - білім беру. Университет одан әрі даму барысындағылыми-зерттеу жұмыстарына ден қояды. Баршаңызға белгілі, Стратегиялық даму жоспары университетіміздің халықаралық ынтымақтастық тұрғысынан жаңа белестерге көтерілуін көздейтін және беделді, имиджі жоғары халықаралық оқу орнына айналдыру мақсатында дайындалған құжат. Стратегиялық даму жоспары білім беру, ғылыми зерттеу, адам ресурстары, қоғамдық қызмет және инфрақұрылым бойынша сапамызды халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге бағытталған.

2019-2023 жылдарға арналған Стратегиялық жоспардың өткен 2019-2020 оқу жылындағы орындалуы бойынша төмендегі көрсеткіштерді айтуға болады:

Жалпы университет бойынша Стратегиялық жоспардың орындалуы 61 пайызды құрайды (орындалмағаны - 39 %). Яғни, барлық 171 индикатордың 111-і толық немесе шартты түрде орындалған, ал 60 индикаторы түрлі нақты және ұзақ мерзімді себептерге байланысты орындалмады.

Ахмет Ясауи университеті бойынша Стратегиялық жоспардың бағыттар бойынша орындалуына тоқталайын:

I-Стратегиялық бағыт бойынша, яғни “Оқыту сапасын арттыру және кәсіби білім беру” Стратегиялық бағыты бойынша орындалған индикаторлар саны - 72, орындалмағандар (түрлі нақты және ұзақ мерзімді себептерге байланысты) – 14 және шартты түрде (толық емес) орындалған 1 индикатор бар.

II-Стратегиялық бағыт: “Практикаға бағытталған озық зерттеулерді ұйымдастыру” бағыты бойынша жалпы 32 көрсеткіштің ішінен орындалған индикаторлар саны - 13, орындалмағандар – 19 және шартты түрде орындалған 2 индикатор бар.

III-Стратегиялық бағыт: “Тиімді әріптестік және халықаралық серіктестікті дамыту” бағыты бойынша орындалған индикаторлар саны – 10, шартты түрде – 1, орындалмағаны - 7 индикатор.

IV-Стратегиялық бағыт: “Тиімді корпоративті басқару және инфрақұрылым мен ресурстарды дамыту” бағыты бойынша орындалған индикаторлар саны – 29 және орындалмаған - 20 индикатор бар.

Жалпы оқу жылы бойынша сараптар болсақ, Стратегиялық бағыттар бойынша орындалған индикаторлар саны - 111, бұл 61 % 09райды, ал орындалмаған көрсеткіштер саны 60-ты құрайды (39%).

2019-2020 оқу жыдында орындалмай қалған индикаторлардың негізгі бағыты қандай, оның негізгі себептері не?

Жалпы 171 индикатордың 39-ы түрлі нақты және ұзақ мерзімді себептерге байланысты орындалмады. Олар негізінен: қосдипломды білім беру бағдарламаларын жасап, жүзеге асыру, Магистр, PhD дәрежесін шетелдерде алған оқытушылар, ғылыми дәрежелі оқытушылардың үлесі, шетел және ұлттық университеттерге барып бір академиялық кезең бойында білім алып қайтқан білімгерлердің үлесі, университетте дәріс беріп қайтқан шетелдік профессорлардың университет оқытушыларына үлесі, магистратура, резидентура және докторантурада оқитын білімгерлер үлесін арттыру, Scopus, Elsevier әлемдік рейтингтік ғылыми журналдардағы, Алыс-жақын шетел және отандық басылымдардағы жарияланымдар саны, ҚР БЖҒМ білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынатын тізімі бойынша ғылыми журналдардағы жарияланымдар саны, ғылыми-зерттеу жобалары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауда шетелдік ғалымдардың қатысу көрсеткіштері, Халықаралық және ұлттық деңгейдегі өнертабыстық патенттер саны орындалмады. Бұл жөнінен көрсеткіштеріміз бар және олар салыстырмалы түрде жоғары болғанымен, даму жоспарында көрсетілген межелерге, өкінішке орай, тым жақсы көтеріле алмады. Сол сияқты, Түркиядан, шетелден шақырылған оқытушылар үлесін арттыру, эндаумент-қор құру, инфрақұрылымдарға қатысты екі қабатты 8-пәтерлі 6-дана коттедж құрылысын жүргізу, 50 орындық қонақ үй кешені сияқты көрсеткіштер орындалмай біршама кейінге қалып отыр.

2020 жылы дүниежүзілік пандемия мен карантиндік шектеу шараларына қарамастан Стратегиялық жоспарды жүзеге асыруға Ахмет Ясауи университетінің барлық әкімшілік-шаруашылық басқару құрылымдары, оқу үдерісіне қатысты құрылымдар үлес қосқанын айтуымыз керек. Университет Президенті мен ректор өкілінен бастап барлық құрылым басшылары стратегиялық жоспарды жүзеге асыруды бірінші кезекке қойды, оқытушы-профессорлар құрамы мен әкімшілік-шаруашылық қызметкерлері де стратегияларды жүзеге асыруға белсенді түрде қолдау білдірді.

Стратегиялық жоспарды жүзеге асыру арқылы біз басқару жүйесін оптимизациялауға, әкімшілік шығындарды қысқартуға, бірқатар процестерді автоматтандыруға қол жеткіздік. білім беруді жаңарту және оқу мазмұнына редизайн жасау, жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынас орнату, мамандықтардың басым бағыттарын дамытуды іске асырдық.

Бірақ, соған қарамастан, университет тарапынан халыққа арналған әлеуметтік қызметтерді көбірек ұсыну, университеттің ботаникалық бағында жаңашыл және зерттеу жұмыстарын жасау, мемлекеттік, қоғамдық мекемелермен ортақ жұмыстар жүргізу, университетте қашықтықтан оқыту бағдарламасын одар әрі дамыту, аймақтық, университетті таныту және беделді имиджін қалыптастыру жағынан белсенді жұмыстар жүргізу, басқа да университеттермен ынтымақтастық орнату және жергілікті билік өкілдері мен қоғамдық

бірлестіктермен ортақ жұмыс жасау, бірлескен жобалар жасау секілді жұмыстарды жандандыру қажет.

Сонымен қатар, тіл үйренудегі кемшіліктерді жою және ғылыми әлеуетті дамыту мақсатында университет мамандарын шет елдерге жіберу, университеттің аймағын жасылдандыру, оқытушылар мен қала тұрғындарының түрлі іс-шараларда белсенді араласуына мүмкіндік жасау, оқу және әлеуметтік ғимараттардың жағдайлары мен жұмыстарын оңтайландыру, жақсарту жұмыстарын әрі қарай жүргізіміз қажет.

Жаһанданған әлемде жоғарғы оқу орнын бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері аса маңызды. Бұған емін-еркін қол жеткізу үшін студенттерді оқыту жүктелген оқытушы құрамының кәсіби маман болуымен қатар, шет тілдерін жетік меңгеруі және ең аз дегенде бір шет тілін білуі маңызды. Университетіміз бұл мәселеге көп көңіл бөліп, оқытушы-профессорлар құрамын арнайы курстардан өткізу, мүмкіндігінше шетелдерге жіберу, тағылымдамадан өткізу және мекеменің ішінде тәжірибеге бағытталған курстар ашудың маңызы жоғары. Жұмыс берушілермен әріптестікте, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, мансаптық консультациялар беру, сондай-ақ еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды қайта даярлау және олардың дағдыларын арттыру қажет. Жаңа нарықта кадрлармен қамтамасыз етуді оқу орнымыз білім беру жүйесіне жаңа білікті кадрлардың келуі есебінен, сондай-ақ жұмыс істейтін жұмыскерлерді оқыту арқылы жүзеге асырады.

Стратегиялық жоспардағы басым бағыттарды әрі қарай дәйекті түрде жүзеге асыру Ахмет Ясауи университетінің халықаралық, ұлттық, аймақтық және өңірлік деңгейде білім беру, практикалық инновациялық зерттеу, әріптестік қарым-қатынастарды жақсарту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру саласында тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Қорыта келгенде, Стратегиямыздың жүзеге асуы жоспарланған барлық кезеңдерінде және қойылған мақсаттарға қол жеткізу деңгейлерін ескере отырып, коллегиялды талдау мен университет басшылығы тарапынан мақұлдау арқылы іске асырылып келе жатқанын атап өткім келеді.

*Ахмет Ясауи университетінің 2019-2020 жылында атқарылған іс-шаралар есебі Сенат мәжілісінде талқыланып қаралды (хаттама №2, 25.09.2020ж.)*